



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№67
(20540)



3 мамыр, сәрсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

ӘЛЕМДІК ШАХМАТ ЭЛИТАСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев классикалық шахмат бойынша Әлем чемпионы атағы үшін сайысқа түскен Ян Непомнящий мен Дин Лижэньді, сондай-ақ Халықаралық шахмат федерациясының (ФИДЕ) президенті Аркадий Дворковичті қабылдады.

Мемлекет басшысы қонақтарға үлгіпат білдіре отырып, ФИДЕ аясындағы әйгілі спортшылар қатысқан ең белгілі турнирдің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтті.

Өз кезегінде Халықаралық шахмат федерациясының басшысы Аркадий Дворкович құрмет көрсеткені үшін, қытай гроссмейстері Дин Лижэнь осы матчқа шақырту алғаны үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты. Гроссмейстер Ян Непомнящий Қазақстанда шахматқа қызығушылық жоғары екеніне назар аударды.

Кездесу соңында Президент шахматшылардың биік белестерді бағындыруына тілектестік білдірді. Сондай-ақ ФИДЕ-мен арадағы ынтымақтастықты одан әрі жалғастыру маңызды екенін атап өтті.

КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаевты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бөлімшелері бірқатар лаңкестік қылмыстың, соның ішінде қолдан жасалған жарылғыш құрылғыны қолдану арқылы халық көп жиналатын орындардың бірінде жасалмақ болған террористік актіге тосқауыл қойылғаны жөнінде баяндалды.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына құқық қорғау органдарымен бірлесіп жүргізілген криминалға жағалайды сауықтыру жұмыстарының нәтижесі туралы баяндалды.

Кездесу қорытындысында Президент Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің бағыттары бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

АУЫЗСУМЕН ҚАМТУДА ӨНІР РЕСПУБЛИКАДА ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Бұл туралы Үкімет отырысында ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев баяндады. ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен жиында қалалар мен ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау, орта мерзімді кезеңге арналған азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспарын іске асыру мәселелері қаралды.

Ведомство басшысының айтуынша, қалалық елді мекендерді сумен қамту бойынша Қызылорда облысы 100% көрсеткішке қол жеткізген. Үздіктер қатарында Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Атырау, Жетісу, Батыс Қазақстан, Ұлытау, Ақтөбе және Алматы облыстары бар. Сонымен қатар Қызылорда облысы ауылдық елді мекендерді ауызсумен қамту бойынша 98,1% көрсеткішпен аймақтар арасында 5-орынға тұрақтаған.

Үкімет отырысынан соң облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Премьер-министр берген тапсырмаларды пысықтау мақсатында жиын өткізді. Аймақ басшысы Үкімет 2025 жылдың соңына дейін елді мекендерді 100 пайыз ауызсумен қамтамасыз ету міндетін қойғанын айтып, ауызсу жеткізілмеген ауылдарда тиісті жұмысты тез арада бастауды тапсырды.

2-бет

САН ҰЛТҚА САЯ БОЛҒАН



Сыр өңірі – түрлі ұлт өкілдері ұйысып отырған киелі мекен. Бір кездері ата-бабасы ту тіккен туған жерден қиындықпен ұзап, қоныс аударған олардың қай-қайсысына да қазақ халқы ыстық құшағын айқара ашты.

1996 жылдан бері тойланып келетін «1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні» мерекесі биыл да сән-салтанатымен аталып өтті. «Сыр-Ана» монументі алаңындағы мерекелік іс-шарада қазақ халқы және басқа да ұлттардың дәстүрлі қолөнер бұйымдары мен ұлттық тағамдар көрмесі ашылды. Нағыз шеберлер дайындаған көптеген туындыларды облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аралап көріп, баршасына мерекелік лебізін білдірді. Сондай-ақ мұндағы Гүлдер фестивалі мерекенің сәнін келтіріп, жұртшылыққа ерекше көңіл-күй сыйлады.

Сб Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

– Ұлы мақсаттарды ұлықтаған, достыққа құшағын айқара ашқан Қазақстан халқы Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа сенім артып, дамудың жаңа көшіні басталды. Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты XXXII сессиясында «Халқымыз бірлік пен тыныштықтың қадірін біледі. Бұл – небір қиын-қыстау заманды өткерген, қазақ жерінен пана таппан барша этностар үшін

де қымбат құндылықтар. Осы құндылықтарды бағалай білгеннің арқасында жұртымыз бейбіт өмір сүріп жатыр. Бұл – теңдессіз жетістік!» деп елдегі тұрақтылық пен келісімнің негіздерін атады. Бүгінде елімізде 130-дан астам, облысымызда 35 ұлт пен ұлыс өкілдері тату-тәтті өмір сүруде. Олар Әділетті Қазақстанның қалыптасып, өсіп-өркендеуі, бәсекеге қабілетті болуы жолында аянбай еңбек етуде. Айналамызда болып жатқан жағдайларға зерделей қарасак, бейбітшілік пен

тыныштықтың қадірі арта түсері анық. Сондықтан біз бірлігімізді болаттай берік етіп сақтауымыз қажет, – деді облыс әкімі.

Шараның концерттік бағдарламасында барлық ұлт өкілдері өнер көрсетті. Этностар ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес би билеп, ән шырқалды. Әсіресе, патриоттық әндер бірлік пен татулық ұғымын ұлықтап, мерекенің мән-мағынасын айшықтай түскендей. Сондай-ақ шарада бейбітшілік құсы – ақ көгершін мен түрлі-түсті шарлар көкке ұшырылды.

2-бет

МӘМЛЕ

«ДАЛА КҮНІ»

ЕГІН – ЕЛДІҢ ЫРЗЫҒЫ

ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың Сыр өңіріне жұмыс сапары облыс орталығында қорытындыланды. Министр мен облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев сенбі күні 2023-2029 жылдарға арналған Қызылорда облысының білім беру жүйесін дамытудың өңірлік Жол картасына қол қойды.

ӨНІРЛІК ЖОЛ КАРТАСЫНА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Жиында аймақ басшысы Ғани Бектайұлының жұмыс сапары білім саласына оң серпін беретініне, министрліктің қолдауымен маңызды мәселелердің шешім табатынына сенім білдірді.

– Соңғы жылдары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен еліміздің білім саласында ауқымды реформалар жүзеге асырылды. Білім сапасын арттыруда, педагогтарды әлеуметтік қолдауда тың бастамалар қолға алынды. Бұл саланың сапа тұрғысынан өркендеуіне жасалған ерекше қамқорлық деп білеміз. Білім – күнделікті жүйелі жұмысты талап ететін күрделі әрі ауқымды сала. Оның маңызды құрамы – қаражат мәселесі.

2-бет



ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

DAMUMED ДЕМЕУ МЕ ӘЛДЕ ЖЕЛЕУ МЕ?

Денсаулығымыз сыр беріп, ауыра қалсақ, алдымен Алладан, онан соң ақ халаттылардан дертке шипа сұрайтынымыз анық. Жаның қиналып, емханаға барғанда кезексіз дәрігер алдына кіре алмайсыз. Себебі, кезекте тұрғандар да – сіз секілді науқас жандар. Қанша қысылып тұрсаңыз да, жаныңызды түсініп, кезегін беруді екіталай. Сондықтан амалсыз күтесіз. Осының салдарынан ұзын-сонар кезек емхана дәлізін алып жатады. Алайда кейінгі кездері саланы цифрландыру бағытындағы жұмыстар, яғни, түрлі медициналық-ақпараттық қосымшалар емханалар мен өзге де емдеу мекемелерінің жұмысын едәуір жеңілдетті, сәйкесінше шұбатылған кезек те қысқарды әрі қағазбастылықтан құтқарды. Соның бірі – «Damumed» қосымшасы.

Сб Айгүл БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Қосымшаның көмегін пайдаланушылар қабылдауға жазыла алады немесе дәрігерді үйге шақыруға мүмкіндігі бар. Сонымен қатар жазылған рецептер мен зертханалық зерттеулердің нәтижелерін көруге, ауруханалық парактарды көшіріп

алуға болады. Қазіргі уақытта қосымша меншік нысанына қарамастан, мемлекеттік тапсырыс шеңберінде халыққа қызмет көрсететін барлық медициналық ұйымда қолданысқа енгізілген.

5-бет



Қызылорда облыстық мәслихатының шешімі

Қызылорда қаласы №8 24 сәуір 2023 жыл

Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №153 «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМІ:

1. Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №153 «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілген:

- 1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «1. 2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2023 жылғы мынадай көлемдерде бекітілген: 1) кірістер – 533 938 596,1 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер – 40 954 564,4 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 7 427 193,1 мың теңге; негізгі капиталдан сатудан түсетін түсімдер – 10 000,0 мың теңге; трансферттер түсімі – 485 546 838,6 мың теңге; 2) шығындар – 332 024 569,5 мың теңге; 3) таза бюджеттік кредиттер – 4 365 327,0 мың теңге; бюджеттік кредиттер – 15 448 392,0 мың теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 11 083 065,0 мың теңге; 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 2 587 318,4 мың теңге;

- қаржы активтері сатып алу – 2 587 318,4 мың теңге; мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0; 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -5 038 618,8 мың теңге; 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 5 038 618,8 мың теңге; 7) таза бюджеттік мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын: «12) Қызылорда қаласында С.Майқанова атындағы мәдениет үйі жаңынан мәдени-көпшілік жұмыстарды ұйымдастыру бойынша ашу.»; 5-тармақ келесідей мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын: «7) қоршаған ортаны қорғау нысандарын дамыту.»; келесідей мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын: «5-1. Аудандар және Қызылорда қаласы бюджеттеріне республикалық бюджет қаражаты есебінен 2023 жылға арналған нысаналы ағымдағы трансферттердің бөлінуі Қызылорда облысы әкімінің оңалтуды негізінде төмендегі үшін айқындалады:

- 1) мүгеделілік бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту; 2) халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алу.»; келесідей мазмұндағы 8-1, 8-2-тармақпен толықтырылсын: «8-1. Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыруға ішкі нарықта айналымға жіберу үшін 2023 жылға бағалы қағаздар шығару түрінде облыстық жергілікті атқарушы органдармен қаржы мақұлданылсын.

- 8-2. Аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттерінен заннанан өзгертуге байланысты трансферттердің түсімдері 100 787 мың теңге сомасында көзделсін.»; аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

- 2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыса енгізіледі.

Table with 2 columns: Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы «24» сәуірдегі № 8 шешіміне қосымша, Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы «13» желтоқсандағы № 153 шешіміне 1-қосымша

2023 жылға арналған облыстық бюджет

Table with 4 columns: Сананы, Қынабы, Шікі қынабы, Сомасы, мың теңге. It lists various budget items and their amounts.

Table with 4 columns: Сананы, Қынабы, Шікі қынабы, Сомасы, мың теңге. It lists various budget items and their amounts, continuing from the previous table.

Table with 4 columns: Сананы, Қынабы, Шікі қынабы, Сомасы, мың теңге. It lists various budget items and their amounts, continuing from the previous table.

Table with 4 columns: Сананы, Қынабы, Шікі қынабы, Сомасы, мың теңге. It lists various budget items and their amounts, continuing from the previous table.

